# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 40 (4964)
СУББОТА,
23 сентября
2006 года

Издается с 1 мая 1963 года. ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКЕ АКИМАТА И МАСЛИХАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА. ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімовтің академик Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ғалымның мүсінін ашардағы сөзі

**Құрметті көпшілік!**
**Қадірлі қонақтар!**

Тарихи Нұра даласы бүгін тағы бір тарихи күнді бастан кешіп жатыр. Ол – Сарыарқаның сайын даласын бөктерлей аққан осы Нұраның жағасында бұдан 100 жыл бұрын дүниеге келген ұрпақтың бірегей өкілдерінің бірі, еліміздің көрнекті ғалымы, ауыл шаруашылығы саласының аса білгірі, алаштың ардақты да аяулы азаматы Кәрім Мыңбаевтың ғасыр толтырған мерекесі.

Топырағы ауыл шаруашылығы үшін ғана емес, жалғасқан ұрпақтары үшін де ерекше құнарлы, халқымыздың талай біртуар ұлдарын дүниеге әкелген Нұра өңірі кезінде алтын құрсақ атанып, есімін елі қадірлеген талай азаматтарды жұртына танытқан. Сол ардақты азаматтар көшінің басында әріден қайырсақ: Кенесары қолының батырлары Тиес пен Тілен, Кәрімнің аталарының бірі Лау мырза, одан беріден қозғасақ: Абдолла Асылбеков, Қайып Айнабеков, Сәйділ Талжанов, Бүркіт Ысқақов, Жолдыкей Нұрмағамбетов, күні кеше арамыздан кеткен ағамыз Сауық Тәкежановтар тұрады. Кәрім Мыңбаев – осы үркердей топтың үздік өкілдерінің бірі.

Ардақты ғалым 1934-1936 жылдары 2-ші каучук өндірістік шаруашылығының алғашқы директоры болды. Одан кейінгі жылдарда Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының Шығыс бөлімінің тұңғыш президиум төрағасы болып тағайындалды. Өндіріс пен ғылымды тығыз ұштастыра жүргізіп, өмірінің ең бір жарқын кезеңдерін Қазақстан ауыл шаруашылығы саласының өсіп, өркендеуіне жұмсады. 35 ғылыми еңбектің, 2 монографияның авторы атанды.

Кешегі қан майданда кеңес жауынгерлерінің ұлы жеңісіне үлкен үлес қосты. Кеңес танкілерінің қыста тайғақ резина дөңгелектеріне көксағыз қосу арқылы оның табанын беріктендіру туралы ғылыми жаңалығын ұсынып, ол сол кездегі Жоғары бас қолбасшының ерекше ілтипатына ие болды. Сондай-ақ, астық дақылдары селекциясының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми тұжырымдары астық өндірісінің жаңа сатыға көтерілуіне негіз қалады. Осындай айырықша еңбектері үшін зор құрметке ие болып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Міне, мұның бәрі оның еңбегіне берілген лайықты баға болатын.

Өзінен бұрынғы Алаш ардақтылары секілді Мыңбаев та жан-жақты болды. Ол тек қана ауыл шаруашылығы саласында ғана бой көрсетпей еліміздің әдеби-мәдени, рухани өміріне етене араласып, сол кездегі үркердей өнер жұлдыздарының ортасында бірге жүріп, біте қайнасты. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Күләш Байсейітова, Шара Жандарбекова, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов және басқа да қазақ өнерінің жұлдыздарымен бірге мәдениетіміздің рухани марқаюына елеулі үлес қосты. Өнер шеберлерінің талантын ұштап, құлашын кең жаюына қамқор болды. Бір саламен шектелмей сан-салалы саңлақ атанды.

Өзінің жас кезін еске алған бір естелігінде Кәрім ағамыздың өзі оның ауыл шаруашылығы саласына бейімделуіне әйгілі Сәкен Сейфуллиннің ақыл-кеңесі себеп болғанын, «өнер саласына талабың мен талантың болса, бәрібір келмей қоймайсың, ал ел үшін керекті ауыл шаруашылығы, өндіріс саласына, оның ғылымына сендей жастар керек-ақ» деп жөн сілтегенін жазған. Және Сәкеннің осы ақылы оған өмірлік бағдар болғанын айтады.

«Ерді ел туғызады, ер елді танытады» деген халқымыздың ұлағатты сөзі осындайда айтылса керек. Жұртының жадында, ұрпағының зердесінде қалған сондай ардақты жандарды еске түсіру арқылы біз салт-дәстүр сабақтастығын жалғап, өткен мен бүгіннің ара жігін қосамыз. Бүгін мен болашағымызды ұштастырамыз.

Кәрім Мыңбаев ағамыз, осы тұрғыдан келгенде, халықтық қадір-қасиетке ие болған, өзінің ел алдындағы адал да жанқиярлық еңбегі үшін құрметке бөленген тұлға. Осы ретте өткен ұрпақтың атын жаңғыртып, оның аруағының алдында азаматтық парызымызды орындау жөнінде бастама көтеріп, Мыңбаевтың мерейтойын атап өту хақында баспасөзде мәселе қозғап, оның қадір-қасиетін халқының және бір есіне салған қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Шерхан Мұртаза ағамызға қалың қауымның атынан мың да бір алғысымызды айтамыз.

Сонымен қатар, осы шараның ойдағыдай өтуіне барынша атсалысқан және оның ұйымдық жұмыстарына жанашыр болған Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімовке, академик, кезінде еліміздегі Ауыл шаруашылығы ғылыми орталығының жетекшісі болған Кәрім ағамыздың бүгінгі ізбасары, академик Ғани Қалиевқа, Алматы аграрлық университетінің ректоры, академик Тілектес Есполовқа, Ақмола ауылшаруашылық академиясының ұжымына, басқа да азаматтарға көпшіліктің атынан рахметімізді білдіреміз.

Сол, кеңінен ойластырылған іс-шаралардың нәтижесінде, біз бүгін бәріміз бас қосып, оның ардақты атын құрметтеп, туған жеріне Кәрім ағаның қола мүсінін орнатып тұрмыз. Көрнекті ғалым, айтулы азаматтың өмір жолы мен ғылыми жаңалықтарын бүгінгі күн тұрғысынан тағы бір саралап, оның мән-мазмұнына ой жібергелі жиналдық.

Енді оның құрыштай берік келбетін кескіндеген қола мүсіні кешегі Сәкен ағасы жүрген ұлы жолдың бойында, қасиетті Нұраның даласында бой көрсетіп тұратын болады. Нұрлы Нұраның даласы ұрпаққа үлгі болатын осындай ұл берген дәстүрін одан әрі жалғай беретін болады. Кешегі кемел ағаларының керуен жолында бүгінгі ұрпақ келе жатыр. Бұл ұрпақтың жолы ұзақ, сапары сәтті болғай!

## ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу Ережесінің 3 тарауының 23 бабының 1 тармақшасының негізімен Нұра ауданы аумақтық сайлау комиссиясы хабарлайды:

**Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігіне кандидат болып тіркелді:**

**Құсайынов Дауылбай Мейрамұлы**, 1947 жылы туған, Нұра ауданының әкімі.

Мекен-жайы: Киевка кенті Мыңбаев көшесі, 119 үй.

**Оспанов Уалихан Тілеуханұлы**, 1965 жылы туған, Нұра ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі.

Мекен-жайы: Киевка кенті Айнабеков көшесі, 27 үй.

## СООБЩЕНИЕ

Согласно пп. 1 п. 23 главы 3 Правил проведения выборов акимов районов, городов областного значения Республики Казахстан Нуринская районная избирательная комиссия сообщает, что **кандидатами в акимы Нуринского района Карагандинской области зарегистрированы:**

**Кусаинов Даулбай Мейрамович**, 1947 года рождения, аким Нуринского района, проживающий по адресу: п. Киевка, ул. Мынбаева, 119;

**Оспанов Уалихан Тилеуханович**, 1965 года рождения, заведующий отделом сельского хозяйства Нуринского района, проживающий по адресу: п. Киевка, ул. Айнабекова, 27.

# Выборы акимов

***Как известно, в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева 20 октября на альтернативной основе пройдут выборы 30 процентов акимов городов и районов. Это решение Главы государства стало еще одним подтверждением его курса, направленного на демократизацию общественно-политической жизни страны.***

В Карагандинской области выборы пройдут в Актогайском, Нуринском, Осакаровском районах, городах Темиртау, Приозерск, Сатпаев.

Подготовительная работа к этим выборам уже идет полным ходом. И, разумеется, в первую очередь она включает в себя отбор кандидатур.

В связи с этим 15 сентября аким области Нурлан Нигматулин провел совещание, на котором представил кандидатов в акимы названных городов и районов.

Особенностью предстоящих выборов является то, что единоличное право выдвигать кандидатов предоставлено исключительно акиму области. Однако Нурлан Нигматулин, верный принципам демократизма, и на этот раз принял неординарное решение – пропустить предложенные им кандидатуры через общественность. И потому претенденты на должность акимов городов и районов были рассмотрены сначала на бюро политсовета областного филиала Республиканской политической партии «Отан», а затем на общественном совете по рассмотрению кандидатур на должности акимов городов и районов на предстоящих выборах. Кстати, говоря о целях и задачах этого совета, Нурлан Нигматулин подчеркнул, что совет как раз и был создан для того, чтобы кадровая политика в области проводилась демократично и гласно. Причем совет создан не только для данного конкретного случая – он будет постоянно действующим.

Особо отметим, что Нурлан Нигматулин стал первым из руководителей регионов страны, который пошел по такому пути, а созданный его решением совет является первым и пока единственным в Казахстане.

Как подчеркнул Нурлан Нигматулин, подбор был весьма тщательным, при этом учитывалось социально-экономическое положение в регионах, опыт работы кандидатов в акимы, их профессионализм и творческий потенциал. Думается, поэтому не случайно все кандидатуры, предложенные акимом области, получили единогласное одобрение как на бюро политсовета областного филиала партии «Отан», так и на заседании общественного совета.

Из ныне действующих акимов регионов нашей области, где решено провести выборы, в них примут участие только акимы г. Сатпаева К. Балмагамбетов и Нуринского района Д. Кусаинов. Поясняя ситуацию, Нурлан Нигматулин сообщил, что акимы Темиртау, Актогайского и Осакаровского районов Б. Мусин, М. Татибеков и А. Торебеков по собственной инициативе подали заявления, в которых просили не выдвигать их кандидатуры на предстоящие выборы.

Аким области удовлетворил желание акима г. Приозерска С. Медеубаева уйти в отставку по собственному желанию.

Кандидатами на предстоящие выборы акимов стали: г. Приозерск – и. о. акима этого города Н. Бикиров и начальник отдела ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Н. Дюсембаев; г. Сатпаев – аким города К. Балмагамбетов и директор ТОО «Сәт Сәулет» А. Нурмаганбетов; г. Темиртау – заместитель акима города О. Битебаев и начальник городского отдела образования Ж. Шунаев; Актогайский район – аким с. Актогай Д. Исбеков и заместитель акима района М. Жарылгап; Нуринский район - аким района Д. Кусаинов и заведующий районным отделом сельского хозяйства У. Оспанов; Осакаровский район – заместитель акима района Н. Абильдин и начальник отдела внутренней политики района О. Каппасов.

В заключение совещания председатель областной избирательной комиссии А. Абдакимов ознакомил кандидатов в акимы с некоторыми особенностями проведения предстоящих выборов.

# Тіл мәртебесін ұмытпайық

Тіл- ұлтпен бірге қайнаған киелі дүние. Тіл тәуелсіз болмай, ұлт тәуелсіз болмайтыны анық. Тілімізді білмей мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, халқымыздың қасиетін толық білем, ұлттық намысымды биікке көтерем деу ағаттық. «Сізбен біздің де ел алдында өтер борышымыз аз емес. Қазақ тілімізге жанымыз ашымай қалайша қалтарыста отыра береміз, тіл үшін күрес күрестің игісі» деп Елбасының сөзін басшылыққа алған жөн.

Тіліміз тек халқымыздың тәуелсіздігімен ғана баянды болары хақ. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек.

Қазақ тілін, мемлекеттік тіл жағдайын сөз еткенде тақырып аясын кеңірек алған дұрыс. Ол тек сөз ғана емес, іс-қағаздарын ғана емес, мемлекеттің барша іс-әрекетін қамтуы тиіс. Бұл алдымен отбасының тәрбиесі. Үй-ішіндегі ұлттық рухтағы ахуал. Қызмет барысында қазақ тілінде сөйлеу, тыңдаған радио, оқыған газет-журнал, кітаптардың қазақшалығының үлкен мәні бар. Қазақ тілінің қалыптасуы деген осылардан басталады.

Тілдің тұтқасын берік ұстамай, берекелі ел бола алмаймыз. Тіл үшін мемлекеттік дәрежеде қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек.

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу құралы. Біз тілді қоғамдық құбылыс дейміз, қоғамның өзі мемлекет мүшелерінен тұрады. Сондықтан да тіл қоғамда қалыптасады, сөйлеуші тілді қоғам арқылы игереді, тіл қоғамдық қызмет атқарады. Қоғам тілсіз, тіл қоғамсыз дамымайды. Қоғам, Мемлекет, Адам-осы үш ұғымның басын біріктіріп біте қайнастыратын тіл.

Қазақ халқының сөз зергері М.Әуезовтің «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды, өйткені мұндай адам өзінің ой-өрісі және рухани санасы, намысы жағынан бір жақты болып қалады»,- деген келелі пікірін ұмытпауымыз керек.

**Құмар ӘДІЛБЕК,**
**аудандық тіл дамыту**
**бөлімінің маманы.**

*АКТУАЛЬНО*

# О ходе подготовки к зиме

***По данным Нуринского районного отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог, по состоянию на 19 сентября 2006 года в Нуринском районе практически полностью завершена подготовка к зиме 2006-2007 гг.***

Для отопления учреждений бюджетной сферы района приобретено и завезено 11117 тонн угля на сумму 32,4 млн. тенге, из них для Нуринского региона - 8861 тонна из АО «Борлы» и Тенгизского региона - 2256 тонн из ЗАО «Шубарколь Комир».

Еженедельно под председательством заместителя акима района Б. Б. Кощегулова проводятся рабочие совещания, на которых детально рассматривается ход работ по подготовке к зиме. Составлен план-график выполнения работ, ведется мониторинг.

**Образование.** Завезено 8485 тонн угля, из них в Нуринский регион - 7055 тонн из АО «Борлы», в Тенгизский регион - 1430 тонн из ЗАО «Шубарколь Комир». Произведен текущий ремонт 36 объектов образования на сумму более 5 млн. тенге, капитальный ремонт в школах: КСШ № 3, Баршинской СШ, Жараспайской СШ, СШ им. Сулейменова на сумму 26,813 млн. тенге.

**Здравоохранение.** Произведен текущий ремонт 34 объектов. На 2006 год на капитальный ремонт СВА сел Акмешит и Ивановка был выделен 1 млн. тенге, средства полностью освоены.

**Культура.** Готовность объектов соцкультбыта к зиме составляет 100 процентов. Выделенные средства на капитальный ремонт сельского клуба в с. Жараспай (1840 тыс.) и ДК в с. Кертинды (2400 тыс.) полностью освоены. Завезено 1466 тонн угля.

**Энергоснабжение.** Линии электропередач закольцованы с двух сторон. Нуринский район обслуживается ТОО «КРЭК» с двумя филиалами РЭС: Нуринский регион и Тенгизский регион. Все населенные пункты обеспечены энергоснабжением. Завершен текущий ремонт 157,6 км линий электропередач, 40 электроподстанций и КТП.

**Водоснабжение.** Из 34 населенных пунктов централизованным водоснабжением обеспечены 18 (42 процента), скважинами и колодцами – 24 (58 процентов), привозной водой – 2 (4 процента). Из 33,7 млн. тенге, выделенных из областного бюджета, на реконструкцию 16,6 км водопровода села Соналы на сегодня освоено 25 млн. тенге (74 процента).

**Дороги.** По территории района проходят автодороги республиканского значения - 185 км, областного - 400 км, районного - 509 км. На 2006 год на автодороги района из областного бюджета выделено 135,6 млн. тенге, из них на текущий ремонт и содержание автодорог - 33,0 млн., на средний ремонт (10 км) выделено 18,6 млн. тенге. Выполнен средний ремонт участка автодороги «Киевка-Щербаковское-Есенгельды-Шахтинск-Караганда» км 155-165 (10 км) на сумму 18,6 млн. тенге.

С целью улучшения состояния уличных дорог внутри населенных пунктов из местного бюджета на текущий ремонт выделялось 10 млн. тенге. Произведен текущий ремонт улиц в п. Киевке, селах Кобетей, Ивановка, Ахметауыл, Байтуган.

КӘРІМ МЫҢБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

# Мерейлі той думанды өтті



Қыркүйек айының 16-шы жұлдызында Киевка кентінің Сәкен Сейфуллин көшесі бойында орналасқан аудандық ауыл шаруашылығы департаментінің алдындағы әсем алаңда ғұлама ғалым, қазақтан алғаш рет шыққан биология ғылымдарының докторы, жерлесіміз Кәрім Мыңбаевтың мүсінін ашу салтанаты болды. Оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай



Әбдікәрімов, Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматулин, көрнекті жазушы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Шерхан Мұртаза, академиктер Кенжеғали Сағадиев, Ғани Қалиев, Мәжіліс депутаттары Қуаныш Сұлтанов, Бекболат Тілеуханов, басқа да үлкен лауазымды қызметтердің иелері, Астанадан, Алматыдан, Қарағандыдан келген көрнекті ғалымдар, ғалымның ісін жалғастырушылар, жан-жақтан мерейтойға шақырылған академик Кәрім Мыңбаевтың қарындастары, інілері, туған-туысқандары, аудан мен ауылдардың басшылары және Нұра бойындағы ауыл тұрғындары қатысып, қызыға тамашалады.



Ғалымның мүсінін ашарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов сөз сөйлеп, барлық жиналған халықты академик Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуымен шын жүректен құттықтады. Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматулин мен Нұра ауданының әкімі Дауылбай Құсайынов тебірене сөз сөйледі. Ғалымның қарындасы Гүлбарам апай, мемлекет қайраткері, халық жазушысы Шерхан Мұртаза, Мәжіліс депутаты, академик Кенжеғали Сағадиев, «Ауыл» партиясының төрағасы, академик Ғани Қалиев және басқалары көрнекті ғалым Кәрім Мыңбаев туралы естеліктерін айтты, ойлы пікірлерімен қатар мазмұнды ұсыныстарын, келешек ұрпақтарға тәлім-тәрбие болуға жарайтын абзал жұмыстарды, өздерінің жүрек жарды шынайы ниеттерін халыққа жеткізді.

Салтанатты ашу рәсімінен кейін, аудан орталығындағы барлық ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер ұжымдары үлкен ғалым Кәрім Мыңбаевтың мүсінінің алдына келіп бастарын иіп, хош иісі аңқып, жайнап тұрған жас гүл шоқтарын атақты жерлесіміздің мүсінінің алдына қойды, аруағына тағзым етті.

Осы ресми салтанаттан кейін, халық іргеде орналасқан «Нұра» стадионына қарай ағылды және Қарағанды қаласының музыкалық творчестволық ұжымдарының мерекелік концерті болды. Онда елімізге танымал сазгер Марат Ильясовтың «Нұра вальсі» әнінің тұсау кесері болды. Бұл жаңа әнді автордың өзі нақышына келтіре шырқап, бүкіл жұртты елең еткізді. «Нұра вальсін» халық өте жылы қабылдады, осы әуенмен «Балдәурен» жас бишілер тобы мың бұралып би билеп, халықтың көңілін бір көтеріп тастады.

Мәдени бағдарламаның биік шоқтығы - Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрінің өнер көрсетуі мен әншілер Жақсыкелді Кемалов, Талғат Ыдырысов, Мунира Мұхажанова және басқаларының қазақтың халық әндерін тамылжыта орындаулары болды.

Түстен кейін, аудандық Мәдениет үйінде лық толған халық тойдың құрметіне ұйымдастырылған облыстық ақындар айтысын тамашалады. Оған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы, облыстық ақындар айтысының бас бәйгесінің иегері Асанов Қойлыбай; Республикалық ақындар ай-



тысының бірінші кезеңінің жеңімпазы Мақсұтов Қуаныш; Шығыс Қазақстан облысында болған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының 1500 жылдығына арналған айтыстың Гран-При иегері, Ақтоғай ауданынан Аққанов Мақсат; 2005 жылғы «Қазақмыс» корпорациясының 10 жылдығына арналған облыстық айтыстың бас жүлдегері Әділов Тілеген; Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы Жұмағұлов Айтбай; Қаражал қаласынан Жаманов Төлеген; Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы Жүнісов Сәттібай; «Болашақ» институтының студенті, Шет ауданынан Қалиев Дидар; Сәтбаев қаласынан Көпбосынов Жанбол; Жезді кентіндегі №6 орта мектептің 10 сынып оқушысы, Жезқазған қаласында өткен аймақтық ақындар айтысының жеңімпазы, Ұлытау ауданынан Бекмағамбетова Ботакөз қатысып, тақырыпты айтыс додасына түсіп, өз өнерлерін шынайы көрсете білді.

Кәрім Мыңбаевтың 100-жылдық мерейтойына арналған облыстық ақындар айтысының қазылар алқасын облыстық жазушылар Одағының Қарағанды филиалының директоры Серік Ақсұңқар басқарып, сайысқа қатысқан ақындарға әділ бағаларын беріп,



ақындар айтысын қорытындылады. Жеңімпаздарға Мақтау қағаздарымен бірге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Жұрт риза болып тарасты.

Биология ғылымдарының докторы, академик, атақты жерлесіміз Кәрім Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған нұрлы Нұра топырағындағы дүбірлі той мәнді-сәнді, әрі мазмұнды өтті, халықтың есінде қалды. «Ел есімін ер шығарады, ер есімің ел шығарады» деген мақал осындайда ойға орала береді. Алдағы уақытта да қасиетті Нұра жерінен әлі талай-талай ғалым, қайраткер, атағы баршаға мәлім білімді азаматтар шыға беретіне сеніміміз мол. Оны бүгінгі өміріміздің өзі кеңінен дәлелдеп отыр.

**Дыбыс АХМЕТОВ.**

**Суреттерде: мерейтойдан көріністер.**
**Суретті түсірген: Л.Гордиенко.**

КОНФЕРЕНЦИИ

# Новый этап развития партийной системы

***14 сентября в зале заседаний районного акимата состоялась районная партийная конференция, которую открыл и вел исполнительный директор партии «Отан» по Нуринскому району Ж. А. Мухамеджанов. В работе конференции приняли участие аким района Д. М. Кусаинов, другие члены бюро политсовета, руководители учреждений, организаций и предприятий, ветераны труда, акимы сельских округов.***

В повестку дня конференции были включены следующие вопросы: «О реализации задач, определенных в докладе Президента Республики Казахстан, председателя партии «Отан» Н. Назарбаева на IX съезде партии «Об основных направлениях политических модернизаций казахстанского общества и стратегических приоритетах деятельности партии «Отан», организационные вопросы.

По первому вопросу повестки дня выступил секретарь районного Маслихата, председатель районного представительства партии «Отан» Т. Р. Рахимбеков, который, в частности, сказал, что вся логика политической жизни Казахстана последнего времени вела к тому, что партии, поддерживающие курс Президента страны и действующие в русле задач, обозначенных в долгосрочной Стратегии развития страны до 2030 года, должны быть единой политической силой. Поэтому решение внеочередного IX съезда партии «Отан» об объединении с партией «Асар» в единую мощную организацию стало важным событием в политической жизни страны. Его значение четко определил лидер партии Н. А. Назарбаев в выступлении на IX съезде: «Сегодня как никогда важна консолидация всего общества для достижения целей нового модернизационного рывка».

Объединение двух ведущих казахстанских политических партий открывает новый этап развития партийной системы. Обе партии своей партийной деятельностью доказали, что они создавались для перспективной работы и выражают насущные интересы большей части населения. Это в полной мере относится и к Нуринскому району, где до объединения насчитывалось 1540 членов партии «Отан» и 165 членов партии «Асар», из которых 47,6 процента составляют женщины, 51 процент имеют высшее образование, 54 процента – это работники образования, 6,2 процента – представители здравоохранения, 9,2 – работники госорганов, 20 процентов – работники агропромышленного сектора, 11 процентов – представители бизнеса. Это огромная сила, которая должна действовать в соответствии с теми задачами, которые поставлены на IX съезде партии, - подчеркнул Р. Рахимбеков.

В своем выступлении он остановился на первоочередных организационных и практических делах районной партийной организации, отметив, то с начала текущего года было собрано взносов на сумму 311820 тенге. Среди первичных партийных организаций района лучшими являются партийные организации сел Кертинди, Майоровки, Кобетея, Изенды, Жараспая, Ахметауыла, Ивановки, Кароя. Организована подписка на газету «Дала мен Кала» - «Страна и мир». За оказанное содействие в проведении



подписной кампании Т. Р. Рахимбеков поблагодарил руководителей учреждений, организаций, предприятий и депутатов районного Маслихата.

Он также озвучил имена лучших депутатов «отановцев». Среди них Г. Г. Прокоп, Д. О. Намысов, К. Ж. Отарбаев, В. Э. Приб, Н. К. Сулейменов, которые постоянно оказывают помощь в ремонте школ, СВА и благоустройстве своих населенных пунктов. Так, Г. Г. Прокоп выделил более 2,5 млн. тенге на ремонт ДК, Д. О. Намысов последние два года выплачивает стипендии отличникам учебы, К. Ж. Отарбаев построил спортивный комплекс стоимостью 5,5 млн. тенге.

В заключение Т. Р. Рахимбеков призвал присутствующих на конференции членов партии руководствоваться целями, которые понятны и дороги каждому казахстанцу. Это политическая стабильность, межнациональное и межконфессиональное согласие, повышение благосостояния народа.

В прениях выступили: от первичной партийной организации райцентра редактор районной газеты «Нұра» Д. Ж. Ахметов, члены политсовета ветеран труда Н. К. Шевелева и аким района Д. М. Кусаинов. Выступающие отметили положительную работу районной партийной организации и выразили уверенность, что конференция будет способствовать активизации работы первичных партийных организаций на местах, больше внимания будет уделяться работе с молодежью.

По первому вопросу повестки дня Нуринской районной партийной конференции Республиканской политической партии «Отан» было принято постановление.

На конференции состоялось торжественное вручение партийных билетов новым членам партии «Отан». Так, партийные билеты получили члены молодежного крыла «Жас Отан» хирург райбольницы А. Ф. Красножен, главный специалист отдела внутренней политики Ф. К. Баймагамбетова и главный специалист районного отдела ФК и С Р. Аршкенов.

По результатам работы (сбор взносов, проведение мероприятий, партийных собраний, подписка на партийные издания) Дипломами от районного представительства партии «Отан» были награждены партийные организации сел Щербаковское, Кертинди и Байтуган.

За активную работу Благодарственными письмами были награждены активисты партии «Отан» ветераны труда Н. К. Шевелева и М. А. Айтжанов.

По второму вопросу повестки дня выступил председательствующий Ж. А. Мухамеджанов, который внес предложение о переизбрании руководящего состава районной партийной организации, отметив, что в связи с присоединением к партии «Отан» партии «Асар» необходимо внести изменения в состав политсовета, бюро политсовета и ревизионную комиссию, а также избрать заместителей председателя районного представительства партии «Отан».

На конференции был избран новый состав руководящих органов районной партийной организации: численность состава политсовета увеличена до 21 человека, в бюро политсовета вошли 5, в ревизионную комиссию – 3 человека. Были избраны заместители председателя районного представительства партии «Отан».

На этом районная партийная конференция завершила свою работу.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

**На снимке: секретарь районного Маслихата председатель районного представительства партии «Отан» Т. Р. Рахимбеков вручает партийный билет главному специалисту районного отдела внутренней политики Ф. К. Баймагамбетовой.**

**Фото автора.**

ӘКІМНІҢ ТРИБУНАСЫ
ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНА – ІСПЕН ЖАУАП

# Қолдау таптық

Биылғы наурыз айындағы Президент Жолдауы бүкіл халықпен қатар бәрімізді ерекше жігерлендірді. Алға қойған жоспарлардың нақты жүзеге асуы, үлкен істердің елімізде бастау алуы мақтаныш сезімін туғызады. Президент Жолдауына сәйкес оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік салаларда көп істер атқарылды.

Қарой ауылдық округ көлемінде қазір барлығы 581 адам, 13 ұлт өкілдері тұрады. Соның ішінде жергілікті халқы -486, орыстар-39, немістер-33 және тағы басқа ұлт өкілдері тұрады. Ауылда 54 зейнеткерлер, 37 мүгедектер, 19 көп балалы отбасылары бар. Әлеуметтік көмекші 3 жанұя, балаларға арналған көмекті 4 отбасы алады.

Қарой аралас орта мектебінде 155 оқушы білім алуда, онда 30 ұстаз еңбек етеді, компьютерлер жеткілікті. Ауылымызда клуб, пошта, монша халыққа қызмет көрсетуде және 109 телефон нүктесі жұмыс істейді.

Қарой жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 3968 гектар жерге бидай сеуіп, 6 центнерден, ал шаруа қожалықтары 1108 гектардан 4 центнерден өнім жинады.

Ауыл жастары көптеген спорт түрлерімен айналысып, салауатты өмір үшін күресуде. Ауыл аймағының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, көшелерді жарықтандыру, көгалдандыру, көрікті ету, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу ауыл әкімшілігінің басты назарында. Сонымен қатар ауруларға уақытында дәрігерлік көмек көрсету де жақсы жолға қойылған. Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтау, жұмыссыздықпен, кедейшілікпен күрес, тәртіпті нығайту сияқты мәселелерді ауыл басшылары қолға алуда.

**С.ТҮЙТЕБЕКОВ,**
**Қарой ауылының әкімі.**

УРОЖАЙ-2006

# Осенний день год кормит

***О том, как идет уборка урожая нынешнего года в ФПК «Квант» с читателями делится главный агроном хозяйства В. Е. Терновский.***



- Площадь посевов в нашем хозяйстве составляет 4000 гектаров, из них пшеницей занято 3000 га, овсом – 1000 гектаров. Косить начали недавно. Убираем урожай силами одной бригады. В общей сложности на уборке заняты примерно 60 человек. Работают 10 комбайнов. Вывозим зерно двумя агрегатами «К-700». Среди лучших комбайнеры Валерий Ермоленко, Юрий Малаковичев, водители Вячеслав Кильб, Есендаулет Кульмаганбетов, водитель бензовоза, заправщик Николай Старчевой, сварщик Азамат Байталяков и Вячеслав Старчевой, который трудится на обслуге.

**На снимке: рабочий тока Сергей Кравчук следит за загрузкой тракторной тележки.**
**Фото Л. Гордиенко.**

КАРИМУ МЫНБАЕВУ – 100 ЛЕТ

# В честь юбилея первого доктора наук

***16-17 сентября в п. Киевке и с. Ивановке прошли юбилейные торжества, посвященные 100-летию со дня рождения выдающегося ученого-растениевода, политического и государственного деятеля, доктора биологических наук, первого академика Казахского филиала Всесоюзной Академии сельскохозяйственных наук имени В. И. Ленина, академика Национальной Академии наук РК Карима Мынбаевича Мынбаева.***



Карим Мынбаев родился 15 августа 1906 года в ауле Казылдихан близ села Ивановки. Его детство прошло на берегах Нуры. После окончания школы в г. Акмолинске он поступает в Ташкентский хлопково-ирригационный институт на факультет технических культур и в 24 года получает специальность агронома-полевода. Первым местом его работы была Кавказская опытная станция в Грузии.

В 1932 году Карим возвращается в Казахстан. В поисках источника получения натурального каучука – важнейшего стратегического сырья он как ученый обращает свое внимание на такое растение как кок-сагыз и начинает изучать его. В 1933 году в Южно-Казахстанской области организуются для размножения каучуконосных растений два каучукпромхоза. 27-летний Карим Мынбаев, будучи в то время доцентом Казахского Государственного сельскохозяйственного института и зарекомендовавший себя знатоком каучуконосных растений, становится техническим директором одного из этих каучукпромхозов, где впервые практикуются посевы кок-сагыза. Он ставит перед собой задачу подчинить воле человека это полезное, но капризное



растение, работает над выведением сортов, создает новую агротехнику.

Работа по селекции кок-сагыза целиком захватила Карима, но он чувствует, что для успеха в этой области нужны глубокие знания. И после четырех лет работы в Казахстане едет Ленинград в аспирантуру Всесоюзного института растениеводства. Аспирант Мынбаев приступает к работе над темой: «Основные пути улучшения природы кок-сагыза». Он применяет для селекции кок-сагыза два новых метода: отбор во времени и индивидуальный отбор, что значительно ускоряло весь селекционный процесс. В дальнейшем таким путем им были выведены несколько перспективных сортов кок-сагыза. Кроме того, этот метод оказался эффективным не только для каучуконосов, но и для многих других культур. По результатам своей работы он публикует статьи: «Клоновый метод селекции кок-сагыза», «Некоторые преимущества вегетативного размножения», «Методика вегетативного размножения», «Внут-



риклоновая изменчивость кок-сагыза» и др. Накопленный материал дает ему возможность в 1940 году блестяще защитить диссертацию на ученую степень кандидата сельскохозяйственных наук.

В 1940 год он вступает в партию. Это было очень большим событием в его жизни. С началом Великой Отечественной войны коммунист Карим Мынбаев вливается в ряды народного ополчения Ленинграда. Но вскоре по приказу Верховного главнокомандующего его в числе других научных работников демобилизуют из армии для продолжения прерванной научной работы. Карим едет в Алма-Ату, где создается филиал Академии наук и находится президент Академии Т. Д. Лысенко. И снова начинаются дни еще более напряженного творческого труда.

В результате 3-летней работы появляется его монография, на основе которой он защищает диссертацию на ученую степень доктора биологических наук. Одновременно выходит его книга: «Кок-сагыз. Биологические особенности развития и новые методы селекции». Занимаясь научной работой, в эти годы он работает заместителем председателя Госплана Казахской ССР.

В 1944 году доктора биологических наук К. М. Мынбаева правительство ставит во главе Казахского филиала Всесоюзной Академии сельскохозяйственных наук имени В. И. Ленина. После чего по его инициативе открывается несколько новых крупных научно-исследовательских учреждений, в том числе институт ветеринарии, институт механизации и электрификации сельского хозяйства и республиканская Бетпакдалинская комплексная опытная станция животноводства, которой впоследствии было присвоено его имя. В 1946 году организовывается Академия наук Казахской ССР. Он входит в ее первый состав. В начале 1948 года в г Петропавловске организуется выездная сессия Казахского филиала ВАСХНИЛ, посвященная вопросам развития зернового хозяйства северных областей республики, на которой он делает блестящий доклад об агробиологических основах селекции и семеноводства зерновых культур.

Будучи руководителем филиала Академии, Мынбаев развивает большую общественную и педагогическую деятельность. Он депутат Верховного Совета Казахской ССР, член Алма-Атинского областного комитета КП (б) Казахстана, заведует кафедрой генетики и селекции Казахского государственного сельскохозяйственного института, а затем и кафедрой дарвинизма в Казахском государственном университете имени С. М. Кирова. Много сил и энергии отдает работе по обмену опытом, организовывает конференции, симпозиумы, совещания, выступает на сессиях.

При всей своей разносторонней деятельности К. Мынбаев все же оставался ученым-экспериментатором. Он продолжал работать над каучуконосными растениями. Еще во время войны начал работы по селекции картофеля. В течение ряда лет вел интересную работу по стерневым посевам озимой пшеницы в условиях Алма-Атинской области, строил планы мелиорации и обводнения Центрального и Южного Казахстана, пустыни Бетпак-Дала, освоения целинных и залежных земель. Он мечтал видеть Казахстан страной изобилия и вырастить такой кок-сагыз, который не боялся бы ни дождей, ни засухи, давал высокие урожаи и каучук отличного качества.

Ему не суждено было прожить долгую жизнь и воплотить все свои мечты в реальность. Он погиб в расцвете жизненных и творческих сил 30 сентября 1948 года в авиакатастрофе. Но благодаря огромному таланту, кипучей энергии он успел сделать очень



многое для развития сельскохозяйственной науки, для народного хозяйства Казахстана.

На 100-летний юбилей ученого приехали многочисленные гости со всех уголков республики. В их числе Госсекретарь РК О. А. Абдикаримов, аким Карагандинской области Н. З. Нигматулин, депутаты Парламента РК, известные ученые, писатели, журналисты, родственники Карима Мынбаева. Все они были приглашены на торжественное открытие бюста Кариму Мынбаеву, который установлен у здания отдела сельского хозяйства. На церемонии открытия бюста выступили Госсекретарь Республики Казахстан О. А. Абдикаримов, известный писатель и государственный деятель Ш. Муртаза, соратница и друг Карима Мынбаева, режиссер, отличник кинематографии СССР, заслуженный деятель искусств Казахстана Д. Б. Тналина. Все выступающие так же, как и давшие чуть позже интервью многочисленным журналистам областных печатных изданий и телевидения депутат Сената Парламента РК К. Султанов, директор департамента науки министерства сельского хозяйства РК А. К. Куришбаев, депутат Мажилиса Парламента РК К.А.Сагадиев, председатель партии «Ауыл», депутат Мажилиса Парламента РК Г.А. Калиев, говорили о Кариме Мынбаеве, как о крупнейшем, талантливом ученом, биологе-селекционере, организаторе и основоположнике нынешней аграрной науки республики, а еще как о замечательном человеке и патриоте.

После возложения цветов к бюсту Карима Мынбаева празднование знаменательного в истории района события было продолжено на стадионе «Нура», где перед собравшимися нуринцами выступили аким области Н. З. Нигматулин, аким района Д. М. Кусаинов, племянница К. Мынбаева Г. С. Мынбаева.

Праздник продолжился концертной программой областных творческих музыкальных коллективов и отдельных исполнителей. Так, с праздничной концертной программой на стадионе выступил один из сильнейших оркестров Казахстана, имеющий международную признательность, академический оркестр народных инструментов имени Таттимбета из г. Караганды, которым дирижировал А. Шоканбаев. В концерте приняли участие лауреат международного фестиваля русского романса, состоявшегося в г. Семипалатинске, М. Мухажанова из концертного объединения имени К. Байжанова, лауреат премии Союза молодежи Казахстана Ж. Кемалов, лауреат республиканского конкурса имени К. Байсеитовой Т. Идрисов, эстрадные певцы, лауреаты республиканских конкурсов Е. Ериков и А. Каппасов.



В праздничном концерте принял участие и известный композитор, лауреат государственной премии «Дарын» и премии Союза молодежи Казахстана, член Союза композиторов РК Марат Ильясов, написавший такие популярные песни как «Сұлуым», «Мерекем сен», «Қазақы дастарханым», «Мен саған өкпелемеймін», «Маххаббат күні», а также новые песни «Нұра» и «Нұра вальсы», написанные композитором по просьбе Госсекретаря РК О. А. Абдикаримова. Их исполнила студентка Евразийского университета Г. Жумагалиева.

Мелодию Стравинского исполнили студентки факультета духовых и ударных инструментов колледжа Казахской национальной академии музыки А. Жумадильдина, Б. Мынбаева и Ж. Саруар.

Концерт продолжили работники районного Дома культуры, в том числе старшая группа танцевального коллектива «Балдаурен».

Во второй половине дня праздничные мероприятия переместились в районный Дом культуры, где состоялся показ документального фильма о Кариме Мынбаеве, а затем региональный айтыс акынов. В айтысе приняли участие акыны из Бухаржырауского, Улытауского, Шетского, Актогайского районов, городов Караганды, Жезказгана, Сатпаева. В упорной борьбе I место завоевал преподаватель факультета журналистики КарГУ, неоднократный призер областных и республиканских айтысов К. Асанов, участвующий в айтысах более 20 лет. II место занял Т. Жаманов из г. Жезказгана, III место – Т. Адилов из г. Караганды. Победители были награждены Дипломами и денежными призами. Приз зрительских симпатий завоевал студент Карагандинского колледжа «Болашак» Дидар Камиев. Единственной девушкой, принимавшей участие в айтысе, была ученица 10 класса из Улытауского района Ботагоз Бекмаганбетова. Ей был вручен Диплом областного Департамента культуры.

17 сентября центром торжеств стало село Ивановка, которое посетили родственники Карима Мынбаева, в их числе племянник Нурхан Мынбаев, выпустивший к юбилею Карима Мынбаева книгу «Дархан даланың дарынды ұлы». Гости стали участниками торжественного открытия музея Карима Мынбаева, организованного в школе, (директор А.Б.Рахматуллин) носящей его имя. Для них




был подготовлен небольшой концерт, экскурсия по музею, затем они посетили модельную библиотеку (зав. С.К. Шакабаева) села Ивановки, которая в прошлом году была признана лучшей сельской библиотекой в республике. В сельской мечети была совершена поминальная молитва. И завершились юбилейные торжества праздничным обедом. А спонсорами праздничных торжеств на родине ученого стали крестьянские хозяйства села: «Букеров», «Коливошко», «Бобелла», «Шалабеков», «Шахметов Талгат», «Белан Павел», «Садыков», «Ашимов Марат», частные предприниматели Т. Ермоленко, магазин «Райгуль» и ЧП Ахундиянова.

В такой большой праздник вылилось празднование 100-летнего юбилея выдающегося земляка-нуринца первого доктора биологических наук, академика Карима Мынбаева.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

**На снимках: выступает аким области Н. З. Нигматулин; известный писатель Ш. Муртаза с болашаковцами; о Кариме Мынбаеве рассказывает его племянница Г. С. Мынбаева (справа); в музее Карима Мынбаева; композитор Марат Ильясов; айтыс: Дидар Камиев и Ботагоз Бекмаганбетова;**

**Фото автора.**

К 15-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РК И 20-ЛЕТИЮ ДЕКАБРЬСКИХ СОБЫТИЙ

# Желтоксан

***Создание объективной картины прошлого в современных условиях является одним из главных факторов формирования общенационального единства, воспитания гражданственности и патриотизма. Поэтому сегодня пришло время переосмыслить многие исторические события, в том числе и те, что произошли 17-18 декабря 1986 года в столице советского Казахстана городе Алма-Ате и вошли в историю под названием Желтоксан.***

В сообщении ТАСС о беспорядках в Алма-Ате говорилось, что на центральную площадь города вышла «несознательная часть молодежи, подстрекаемая националистическими элементами». При разгоне демонстрантов более 2000 человек были задержаны сотрудниками милиции, травмы с обеих сторон получили 768 человек, погибли студент столичного энергетического института Е. Спатаев и сотрудник алмаатинского телецентра С. Савицкий. 99 человек были привлечены к уголовной ответственности, более 700 человек подвергнуты административному аресту, многих участников демонстрации исключили из комсомола, партии, вузов и техникумов, уволили с работы и т. д.

А непосредственным поводом для беспорядков послужило назначение на пост первого секретаря ЦК Компартии Казахстана руководителя Ульяновской областной партийной организации Г. Колбина. Молодежь же выдвигала вполне справедливое требование назначить на этот пост, который до Г. Колбина занимал Д. Кунаев, человека пусть хотя бы не казаха по национальности, но хорошо знавшего Казахстан, его экономику, традиции и особенности жизненного уклада населения. Беспорядки волной прокатились и по другим городам республики.

В связи с этими событиями было принято специальное постановление ЦК КПСС, осудившее так называемый казахский национализм. В 1989 году очередная сессия Верховного Совета Казахской ССР осудила постановление ЦК КПСС за неблагоприятную и необъективную оценку декабрьских событий 1986 года, и впоследствии оно было отменено.

По мнению народного поэта Казахстана, народного депутата СССР Мухтара Шаханова - руководителя комиссии по рассмотрению обстоятельств, связанных с декабрьскими событиями главным виновником трагических событий явилась тоталитарная система, царившая в СССР.

Декабрьские события в Казахстане способствовали пробуждению национального самосознания казахского народа, дали толчок к суверенизации союзных республик и положили начало распаду социалистической системы.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

**Вниманию вкладчиков Государственного пенсионного фонда!**

Выдаются кредиты на срок от 3 месяцев до 3 лет в сумме от 10 тысяч тенге до 1 млн.тенге. Для оформления требуются сведения об отчислении в Государственный пенсионный фонд за 3 месяца. Обращаться по тел.: **22-5-60, 22-5-62.**

***ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!***

**Нуринский учебный комбинат** ежедневно проводит набор на курсы:

1. Водителей всех категорий автотранспортных средств:

«В» - 45 дней, «В-С» - 3 месяца, «Д» - 45 дней, «Е» - 45 дней, для школьников 11 классов – 6 месяцев, 10 классов - 2 года.

2. Компьютерные курсы – 1 месяц.

Наш адрес: п. Киевка, ул. Талжанова, 12, тел.: **22-5-18, 7701-431-28-21.**